

*Терешкова атындағы №31 жалпы орта мектебі*

***Әлеуметтік педагогтың жұмыс  
ЕСЕБІ***

***2025-2026 оқу жылы.***

Шымкент қаласы 2026 ж

Қызмет барысында негізге алынатын нормативтік құжаттар: «Бала құқығы туралы Конвенция», «Қазақстан Республикасының білімі туралы заңы», «Қазақстан Республикасының Конституциясы», «Неке және отбасы туралы заңы» және ҚР-ның басқа да білім беру мәселесі жөніндегі нормативтік құқықтық актілері және т.б.

### **Әлеуметтік педагог жұмыстарының негізгі функциялары мен принциптері**

- Әлеуметтік педагог балаларға, жасөспірімдерге, ата-аналарға әлеуметтік педагогикалық көмек көрсете отырып, мына функцияларды атқарады:
- Талдау диагностикалық;
- Болжамдау;
- Ұйымдастыру, байланыстыру;
- Түзету (коррекциялық)
- Үйлестіру – ұйымдастырушылық;
- Оқушыларды әлеуметтік-педагогикалық қолдау және көмек көрсету;
- Қорғаушылық;
- Психо-терапевтік;
- Әлеуметтік алдын алушылық (профилактикалық);
- Оңалдыру (реабилитациялық)

### **Әлеуметтік педагогтың принциптері:**

- Мазмұндық: гуманизм, демократизм, заңдылық, әлеуметтік әділдік, адам құпиясының сақталуы;
- Психологиялық – педагогикалық: жеке тұлға жан-жақты және дербес қатынас, белсенділікті қолдау, мақсаттылық, жанашырлық, сенім, үздіксіздік;

- Ұйымдастырушылық: орындалудың бақылануы және тексерілуі, жауапкершілік пен басшылық жасау, құқық пен міндеттердің бірлігі, жалпылық, сарапшылық, ынтымақтастық.

**Әлеуметтік педагог қызметінің белгіленген мақсаты мен міндеттерге сай ұйымдастырылған жұмыстар:**

- Оқушыларға мектеп асханасының арендаторы және «Жалпыға міндетті білім қорынан» ұйымдастырылған жұмыстар
- «Қамқорлық» акциясын және өзге де демеушілер тарапынан ұйымдастырылған әлеуметтік-материалдық көмектер;
- Жаңа-жылдық мерекелік шырша тойына оқушыларды қатыстыру;

Мектеп оқушыларымен әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық, диагностикалық жұмыстар жүргізу және т.б

2024-2025 оқу жылында әлеуметтік педагогтың жылдық жоспары түзіліп, бекітілді.

Жоспар бойынша жыл басында мектептің тұл жетім, мүгедек, жартылай жетім, көп балалы және аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар санын анықтау мақсатында сыныптың әлеуметтік картасы толтырылды.

Әлеуметтік карта нәтижесі бойынша мектептің әлеуметтік паспорты жасалды.

Жалпы оқушы саны - 715

Отбасы саны – 311

Ұл балалар саны – 472

Қыз балалар саны – 427

Көп балалы отбасы саны – 165, оқушы саны – 391

Аз қамтылған отбасы саны – 120, оқушы саны – 217

Жартылай жетім отбасы саны – 39, оқушы саны – 56

Тұл жетім отбасы саны – 3, оқушы саны – 6

Өгей әкемен тұратын оқушы саны – 18, отбасы – 14

Өгей анамен тұратын оқушылар саны -1, отбасы саны – 1

Сәтсіз отбасы саны – 1, оқушы саны – 3

Мектепшілік есепте тұратын оқушылар саны - 10, отбасы саны-10

Ыстық тамақпен қамтылған бала саны- 430

№64 қаулы негізінде – 174 оқушы

ҚР Президенті Жарлығы бойынша – 256 оқушы  
Үйден оқитын оқушылар саны – 10, отбасы – 9  
Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар саны – 14  
Оқу жылының басында үйде оқитын оқушылар анықталып, сынып жетекшілерімен бірге үйлеріне барып акт түзілді.

Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған 6 оқушының үйіне барып, акт түзіліп қалалық білім басқармасына қамқоршылардың есебі және құжаттар тізбесі өткізілді.



Сондай-ақ өгей әкемен тұратын 19 оқушы анықталып, мектеп психологымен бірге үй жағдайына зерделеу жүргізіліп, акт толтырылды.



«Мектепке жол» кайырымдылық акциясы барысында 23.07-30.07.25 аралығында құжаттар жинақталып, 05.08.2025 жылы «Міндетті білім қорынан» 350 оқушының ата-аналарының есеп шотына әр оқушыға 46 500 теңгеден қаржылай көмек көрсетілді, оның ішінде тұл жетім – 6 оқушы, АӘК – 57 оқушы, 288 аз қамтылған және жартылай жетім, көп балалы отбасынан шыққан оқушылар алды.

«Мектепке жол» акциясы аясында мектеп демеушілері тарапынан көп балалы, жартылай жетім 7 оқушыға мектеп құрал жабдыктарымен көмек көрсетілді.



Еңбекші аудандық әкімшілігі жанынан аз қамтылған отбасы балаларына мектеп формасына ақшалай көмек көрсетілді.

«Міндетті білім қорынан» қарастырылған қаржы №64 қаулы бойынша 404 оқушы ыстық тамақпен қамтылды. ҚР Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы №2 Жарлығы 77 қосымшасы негізінде қарастылыған қаржыға 218 оқушы ыстық тамақпен 01.09.2024-30.12.2024ж.ж. аралығында 624 оқушы қамтылды, яғни жас ерекшелігіне қарай бір күндік тамақ құны – 6-10 жас - 604 тенге

11-14 жас – 672,4 тенге

15-18 жас – 725,3 тенге

31.08.2025ж. Қамқоршылық кеңесінің №2 хаттамасында қаралып 01.09.2025 ж. бұйрықпен оқушылар тізімі бекітілді

Сапалы және қауіпсіз деңгейде оқушыларды тамақтандыру туралы ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы 1684 Қаулысы негізінде «Жалпы ережелермен» асхана меңгерушісі Р.Утешова таныстырылды.

Асхана тазалығы талапқа сай жүргізілуде, аспазшылар құжаттары түгел. Еңбекші адандық ТҚҚБ мен екі апталық ас мәзірі бекітілген, сонымен қатар күнделікті ас мәзірі де оз орнынан табылады.

Мектеп асханасындағы тамақтың ұйымдастырылуы және жұмысы арнайы брокерлік комиссиямен тексеріліп бақыланады. Комиссия құрамына мектеп медбикесі, сынып жетекшілер, мектеп кәсіподақ төрайымы, әлеуметтік педагог, ДОТЖО тұрады. Асханада тамақтану кезінде мұғалімдер және оқушылар арасында кезекшілік кестесі құрылған.



21.08.2025 жылы тең демеушілер есебінен 21 оқушыға Еңбекші әкімшілігінен сөмке және мектепке қажетті құралдар берілді..

2025 жылы желтоқсан айының 26-шы жұлдызында өткізілген ҚР Президентінің «Қош келдің Жаңа жыл» атты мерекелік іс-шарасына мектебімізден аз қамтылған, көп балалы отбасынан 3 оқушы қатыстырылды.

1. Ақжан Жанайым 3а сынып – аз қамтылған, өгей әкемен тұрады.
2. Маказиев Мухаммад бв сынып – қамқорлықта

3. Айтжан Құлжан 4а сынып – аз қамтылған, көп балалы, жартылай жетім.  
Шыршаға қатысқан 3 оқушыға пленшет берілді, шыршада 3 оқушыға 1 қорап  
тәттілер жиыны берілді.



Еңбекші аудан әкімінің шыршасына мектебімізден жартылай жетім -  
14 оқушы жаңа жылдық шыршаға қатысып қорапшаға салынған тәттілер  
алды.



Жаңа жыл қарсаңында үйден оқитын 9 оқушыға мектеп ұстаздары тарапынан  
жаңа жылдық сыйлықтар тарту етілді..

2025 жылы 9 қаңтарынан бастап мектепте 715 оқушы бар, оның ішінде  
элеуметтік тұрмысы төмен жетім, жартылай жетім, аз қамтылған, көп балалы

отбасынан шыққан 430 оқушы «Міндетті білім қорынан» бөлінген тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Оның ішінде жас ерекшелігіне қарай 1-4 сыныптар аралығында 260 оқушы, 5-8 сынып аралығында 223 оқушы, 9-11 сыныптар аралығында – 37 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылған.

Әр ай сайын мектептен басқа мектепке ауысқан оқушылар бұйрық бойынша тізімнен шығарылып, орнына аз қамтылған отбасы балаларынан оқушылар енгізіліп, тізім жаңартылды. Жаңадан қосылған оқушылардың құжаттары жинақталды.

Ақпан айында психологпен бірігіп тәуекел тобы анықталып, тізімі құрылып, бірқатар оқушылардың үйіне зерделеу жұмыстары жүргізілді.

Ақпан айының 24-28 аралығында Еңбекші аудандық прокуратурасы жанынан мобильдік топ құрылып, мектебімізден тұрмыс жағдайы төмен және өгей ата-анамен тұратын 39 отбасы тізімге енгізіліп, берілді. Аталған топ мүшелерімен яғни, Еңбекші ауданы әкімі аппараты қызметкері, Чапаевка емханасының психологы, медбикесі және Еңбекші аудандық полиция қызметкерлерімен бірге 39 отбасының тұрмыс жағдайы зерделенді.

Үнемі мектебімізге жаңадан келген оқушылардың сынып жетешісімен бірге үй жайына зерделеу жүргізіліп тұрады.

Ай сайын ыстық тамақ табелі жасалып, мектеп бухгалтеріне өткізілді. Бракераждық комиссиясымен асхана жұмыстарына бақылау жасалды.

1 - маусым балаларды қорғау күніне Еңбекші аудандық әкімшілігі жанынан ұйымдастырылған Шымкент Сити ойын сауық орталығында өткізілетін іс-шараға тұл жетім және жартылай жетім 2-7 сынып оқушыларынан 2 оқушы тізімі жасалып жіберілді.

Мамыр айында «Міндетті білім қорынан» жазғы сауықтыру демалысына жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, жартылай жетім, аз қамтылған және көп балалы отбасынан шыққан 49 оқушыға тегін жолдама берілді. «АҚСУ» жазғы сауықтыру сыртқы лагеріне 9 оқушыға жолдама берілді.